

«КИМЭП Университеті» БАҚ

Қаржылық есептілік

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

Тәуелсіз аудиторлық есеппен

МАЗМҰНЫ

Бет

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп -----	1
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп-----	2
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп -----	3
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп-----	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер-----	5

**2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға
қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін
ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫ**

Тәуелсіз аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуы тиіс төмендегі растау «КИМЭП Университеті» БАҚ (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне қатысты тәуелсіз аудиторлар мен басшылықтың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Компания басшылығы 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, ақшалай қаражат қозғалысын және 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға Компанияның меншікті капиталындағы өзгерістердің барлық елеулі аспектілерін шынайы көрсететін қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесілер үшін жауапты болады:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті қолдану;
- негізделген бағалаулар мен есептеулерді қолдану;
- Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасының және ХҚЕС талаптарының сақталуы; немесе қаржылық есептілікке ескертпелерде ХҚЕС-тен барлық елеулі ауытқуларды ашып көрсету; және
- мұндай жорамал заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, Компания жақын болашақта өз қызметін жалғастырады деген жорамал негізінде қаржылық есептілікті дайындау.

Басшылық сондай-ақ келесі үшін жауапты:

- Компанияда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін өзірлеу, енгізу және қамтамасыз ету;
- кез келген уақытта Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесінде дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына және ХҚЕС сәйкес бухгалтерлік есеп пен операцияларды жүргізу;
- өз құзыреті шегінде Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау; және
- алаяқтықты, қателерді және басқа да теріс әрекеттерді анықтау және алдын алу.

2023 жылдың 27 наурызында Компания басшылығы қол қойды және шығаруға рұқсат берді:

Бірінші проректор



Тимоти Люис Барнетт

Бас бухгалтер

Ардақ Қиябаева

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

«КИМЭП Университеті» БАҚ акционерлері мен басшылығына

Пікір

Біз «КИМЭП Университеті» БАҚ (бұдан әрі – «Компания») 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы есептен, пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және аталған күні аяқталған жылдағы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептен тұратын қаржылық есептілігіне, қаржылық есептілікке ескертпелерге, соның ішінде есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша шолуына (бұдан әрі - «қаржылық есептілік») аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қосымша көрсетілген құжаттағы қаржылық есептілік 2022 жылдың 31 желтоқсандағы Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шаруашылық қызметінің нәтижелерін және аталған аяқталған жылдағы ақша қаражаттың қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттар (ХҚЕС) талаптарына сәйкес барлық елеулі аспектілері бойынша шынайы қамтып көрсетеді.

Пікір білдіруге негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз одан әрі осы стандарттарға сәйкес есебіміздің «Қаржылық есептілікке аудит жүргізудегі аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық өдеп стандарттары кеңесінің Кәсіби бухгалтерлердің өдеп кодексіне (БХӘСК кодексі) және Қазақстандағы қаржылық есептілік бойынша біздің аудитке қолданылатын өдептік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да өдептік міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер пікір білдіруімізге негіз болу үшін жеткілікті және дұрыс деп есептейміз.

Қаржылық есептілік үшін басшылықтың және корпоративтік басқаруға өкілетті тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындау мен шынайы ұсынуға және жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалауы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты. Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне қатысты ақпаратты тиісті жағдайларда ашу үшін және басшылық Компанияны таратуды, қызметін тоқтатуды көздеген немесе тарату мен қызметін тоқтатудан басқа нақты баламаның жоқ болған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті дайындау үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға өкілетті тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды бақылауға жауапты болады.

Қаржылық есептілік аудитіне қатысты аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан болатын маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы ақылға қонымды сенімділікке ие болу және пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулары бар кезде оларды әрқашан анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан орын алуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған экономикалық шешімдерге әсер етеді деп күтілсе, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пайымдаманы қолданамыз және аудит барысында кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан болған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалау қауптерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерді табу үшін аудиторлық процедураларды әзірлейміз және жасаймыз; пікірімізді білдіруге негіз болатын толық және орынды болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттер салдарынан болатын маңызды бұрмалауды таппау қаупі қате салдарынан болатын маңызды бұрмалауды таппау қаупі елеулі бұрмалауды анықтамау қаупінен жоғарырақ, өйткені жосықсыз әрекеттерге келісім, алдау, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап беру немесе немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттері жатады.
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында аудитке қатысты ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардағы негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе шарттарға қатысты елеулі белгісіздікті анықтайтын аудиторлық дәлелдер негізінде қорытынды жасаймыз. Елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісті ашылуына назар аударуымыз керек немесе мұндай ақпараттың ашылуы орынсыз болса, өз пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін.
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілік негізгі операциялары мен оқиғаларының шынайы ұсынылуын қамтамасыз етіп көрсетілгендігін бағалаймыз;
- қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін Компанияның шаруашылық қызметі туралы қаржылық ақпаратқа қатысты тиісті аудиторлық дәлелдерді жеткілікті аламыз. Біз Компанияның аудиті жөніндегі тапсырманы жалпы басқару, қадағалау және орындау үшін жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауапкершілік көтереміз.

Біз корпоративтік басқаруға өкілетті тұлғалармен ақпараттық өзара байланысуды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде аудит барысында анықталатын ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы ақпаратты жеткіземіз.

Нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудиторлық есеп шығарылған аудитке жауапты серіктес – Ерлан Исламбеков.



Ерлан Исламбеков
«Baker Tilly Kazakhstan Audit» ЖШС
директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2021 жылғы 09 қыркүйекте берген Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия №20013143

2023 жылдың 27 наурызы



Ерлан Исламбеков
Аудитор

2014 жылғы 29 мамырдағы № МФ-0000185
Аудитор біліктілік куәлігі

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

мың теңге	Еск.	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	5	4,440,069	4,559,515
Бейматериалдық активтер		5,659	5,794
Берілген аванстар және өзге дебиторлық берешек	6	18,127	86,582
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер	11	510	6,814
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	7	685	3,899
		4,465,050	4,662,604
Ағымдағы активтер			
Ақшалай қаражат және оның баламасы	10	825,080	186,530
Сауда дебиторлық берешегі	7	26,383	14,523
Өзге дебиторлық берешек	6	68,950	86,169
Босалқылар	8	110,975	99,756
Ағымдағы салық активтері	6	13,488	25,349
Ағымдағы қаржылық активтер	11	3,419	3,419
Өзге қаржылық инвестициялар	9	7,843,585	6,981,868
		8,891,880	7,397,614
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		13,356,930	12,060,218
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	12	537,146	537,146
Бөлінбеген табыс		10,360,437	9,470,371
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		10,897,583	10,007,517
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Шарттар бойынша міндеттемелер, ұзақ мерзімді бөлігі	13	138,362	138,785
		138,362	138,785
Ағымдағы міндеттемелер			
Сауда және өзге кредиторлық берешек	14	90,120	110,635
Шарттар бойынша міндеттемелер, ағымдағы бөлігі	13	1,676,455	1,345,280
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	15	464,165	380,220
Ағымдағы салық міндеттемелері	16	57,561	52,977
Басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	17	32,684	24,804
		2,320,985	1,913,916
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		2,459,347	2,052,701
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		13,356,930	12,060,218

Қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 жылдың 27 наурызында Компания басшылығы қол қойды және шығаруға рұқсат берді:

Бірінші проректор



Тимоти Люис Барнетт

Бас бухгалтер

Ардақ Қиябаева

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

<i>мың теңге</i>	Еск.	2022 жыл	2021 жыл
Түсім	18	5,423,867	4,673,908
Өзіндік құн	19	(3,326,601)	(2,760,885)
Жалпы пайда		2,097,266	1,913,023
Әкімшілік шығыстар	21	(1,398,980)	(980,013)
Сату бойынша шығындар	20	(229,997)	(125,826)
Резервтердегі өзгерістер	23	(46,339)	(4,163)
Өзге кірістер/(шығыстар) - нетто	22	109,236	115,436
Операциялық пайда / (залал)		531,186	918,456
Қаржылық кірістер	25	146,152	195,057
Бағам айырмасынан кірістер / (шығыстар), нетто	24	212,728	79,566
Салық салуға дейінгі пайда / (залал)		890,066	1,193,079
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар		-	-
Жылдағы таза пайда / (залал)		890,066	1,193,079
Басқа жиынтық табыс		-	-
Жылдағы жиынтық табыс / (залал) жиыны		890,066	1,193,079

Қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.


2023 жылдың 27 наурызында Компания басшылығы қол қойды және шығаруға рұқсат берді:

Бірінші проректор



Тимоти Люис Барнетт

Бас бухгалтер



Ардақ Қиябаева

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

мың теңге	2022 жыл	2021 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Салық салуға дейінгі пайда / (залал)	890,066	1,193,079
Түзетулер:		
Қаржыландыру кірістері	(149,037)	(195,057)
Қаржыландыру шығыстары	6,304	-
Тозу және амортизация	277,885	209,655
Құнсызданудан болған залалдар	46,339	4,163
Активтердің істен шығуынан пайда / (залал), нетто	152	399
Бағам айырмасынан кірістер / (шығыстар), нетто	(212,728)	(79,933)
	858,981	1,132,306
Айналым капиталындағы өзгерістер:		
Берліген аванстар мен өзге ағымдағы активтердегі өзгерістер	85,997	(44,931)
Дебиторлық берешектегі өзгерістер	(22,014)	7,030
Қорлардағы өзгерістер	(44,186)	(2,982)
Демалыстар бойынша резервтердегі өзгерістер	83,945	59,597
Шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер	330,747	71,684
Салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелердегі өзгерістер	24,327	12,193
Кредиторлық берешектегі өзгерістер	(20,411)	(31,277)
	1,297,386	1,203,620
Төленген корпоративтік табыс салығы	-	-
Төленген пайыздар	-	-
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	1,297,386	1,203,620
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар сатып алу	(154,552)	(658,982)
Бейматериалдық активтерді сатып алу	(3,904)	(4,135)
Өзге қаржылық активтерді өтеу	-	3,418
Депозиттерді орналастыру	(11,413,993)	(9,535,372)
Депозиттерден түскен түсім	10,897,543	8,951,594
Алынған пайыздар	122,225	33,947
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары	(552,681)	(1,209,530)
Ақшалай қаражат пен оның баламасының таза ұлғаюы	744,705	(5,910)
Валюта бағамы өзгеруінің әсері	(106,155)	(2,177)
Ақшалай қаражат пен оның баламасының жылдың басында	186,530	194,617
Ақшалай қаражат пен оның баламасының жылдың соңында	825,080	186,530


Қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 жылдың 27 наурызында Компания басшылығы қол қойды және шығаруға рұқсат берді:

Бірінші проректор


Тимоти Люис Барнетт

Бас бухгалтер


Ардақ Қиябаева

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

<i>мың теңге</i>	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Жиынь
2021 жылдың 1 қаңтарында	537,146	8,277,292	8,814,438
<i>Жылдағы таза табыс</i>	-	1,193,079	1,193,079
<i>Басқа жиынтық табыс</i>	-	-	-
<i>Жылдағы жиынтық табыс жиыны</i>	-	1,193,079	1,193,079
2021 жылдың 31 желтоқсанында	537,146	9,470,371	10,007,517
<i>Жылдағы таза табыс</i>	-	890,066	890,066
<i>Басқа жиынтық табыс</i>	-	-	-
<i>Жылдағы жиынтық табыс жиыны</i>	-	890,066	890,066
2022 жылдың 31 желтоқсанында	537,146	10,360,437	10,897,583

Қаржылық есептілікке ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2023 жылдың 27 наурызында Компания басшылығы қол қойды және шығаруға рұқсат берді:

Бірінші проректор



Тимоти Люис Барнетт

Бас бухгалтер

Ардақ Қиябаева

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«КИМЭП Университеті» бейкоммерциялық акционерлік қоғамы ҚР Президентінің 2003 жылғы 28 тамыздағы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтын қайта ұйымдастыру туралы» жарлығына сәйкес құрылды және ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 14 қарашадағы қаулысымен ҚМЭБИ акционерлік қоғам болып қайта құрылды, 2004 жылғы 7 шілдеде ҚР Әділет министрлігінде мемлекеттік қайта тіркеуден өтті. (Компанияның соңғы қайта тіркелу күні – 2019 жылдың 1 шілдесі).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның акционерлер құрамы келесідей:

№	Акционердің атауы	2022 жылдың 31 желтоқсаны		2021 жылдың 31 желтоқсаны	
		Қатысу үлесі	Сомасы (теңгемен)	Қатысу үлесі	Сомасы (теңгемен)
1	Чан Йан Бэнг мырза	60%	322,277	60%	322,277
2	ҚР ҚМ Мем.мүлік және жекешелендіру комитеті ММ	40%	214,869	40%	214,869
		100%	537,146	100%	537,146

КИМЭП Университеті жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру саласындағы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Жоғары оқу орны ретінде КИМЭП Университеті сонымен қатар Каталогтың, Оқушылардың жүріс-тұрыс кодексінің және ішкі тәртіп ережелерін қарастыратын басқа да құжаттар негізінде өрекет етеді.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Абай даңғылы, 4-үй, пошталық индекс 050010.

Осы қаржылық есептілік Компания басшылығымен 2023 жылдың 27 наурызында шығарылуға бекітілді.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары кеңесінің (ХҚЕС кеңесі) бекіткен редакцияда дайындалды.

Осы қаржылық есептілік тарихи құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған және барлық сомалар, басқасы көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бүтін мыңға дейін дөңгелектенген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ

Активтер мен міндеттемелердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді (ағымдағы) болып жіктелуі

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу негізінде ұсынады. Актив қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- ол қалыпты операциялық цикл шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналған немесе өткізілуі ойластырылса;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталса;
- оның есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өткізілуі ойластырылса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай бойы әрекет ететін міндеттемелерді өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болмаған жағдайларды қоспағанда, ол ақшалай қаражатты немесе ақшалай қаражаттың баламасын білдірсе.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Активтер мен міндеттемелердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді (ағымдағы) болып жіктелуі (жалғасы)**

Міндеттеме ағымдағы болып табылады, егер:

- оны қалыпты операциялық цикл шеңберінде реттеу ойластырылса;
- ол негізінен сауда мақсатында ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде реттелуге жатса; немесе
- ұйымның есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі айға міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ.

Компания барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Компания активтер мен міндеттемелерді олардың сипаты, тән сипаттамалары мен төуекелдері және төменде көрсетілгендей әділ құн иерархиясының қолданылатын деңгейі негізінде жіктейді.

Қаржылық есептілікте әділ құны ашылған барлық активтер мен міндеттемелер тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – Бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмейтін);
- 2-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау үлгілері.

Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім

Тауарлар мен қызметтерді өткізу шарты жасалған кезде Компания сатып алушымен жасалған шарт бойынша уәде етілген активтерді бағалайды және сатып алушыға ерекшеленетін болып табылатын активті немесе іс жүзінде бірдей болып табылатын және сатып алушыға бірдей схема бойынша берілетін бірқатар ерекшеленетін активтерді беруге әрбір уәдені орындау міндеттемесі ретінде сәйкестендіреді.

Қызметтерді өткізуден түскен кіріс қызмет көрсетілген кезеңде танылады.

Қызметтерді өткізуден түскен кіріс, егер келесі критерийлердің кез келгені орындалса, уақыт өте келе танылады:

- Сатып алушы бір уақытта Компанияның көрсетілген міндеттемені орындауына байланысты пайданы оны Компанияның орындауына қарай алады және тұтынады;
- Компанияның орындаушылық міндеттемесін орындау үдерісінде актив құрылады немесе жақсартылады, оны бақылауды сатып алушы осы актив құрылуына немесе жақсартылуына қарай алады; немесе
- Компанияның өз міндетін орындауы Компания балама мақсаттарда пайдалана алмайтын активтің жасалуына әкелмейді, бұл ретте Компанияның қазіргі уақытта шарттық жұмыстардың бір бөлігін орындағаны үшін төлем алуға заң жүзінде қорғалған құқығы бар.

Басқа жағдайларда қызметтерді өткізуден түскен кіріс белгілі бір уақытта танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Шарт бойынша қалдықтар***Шарт бойынша активтер*

Шарт бойынша актив – бұл ұйымның сатып алушыға берілген тауарлар немесе қызметтерге айырбас ретінде өтем алу құқығы. Егер Компания тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға өтем төлегенге дейін немесе өтем төленуге тиіс болғанға дейін берсе, онда шартты болып табылатын алынған өтемге қатысты шарт бойынша актив танылады.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Компанияның шартсыз болып табылатын өтемге құқығын білдіреді (яғни, мұндай өтем төленуге тиіс болатын сәттің басталуы тек уақыттың өтуіне байланысты). Қаржылық активтерге арналған есеп саясаты *Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау* бөлімінде қарастырылады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл Компания сатып алушыдан өтем (немесе төленуге тиісті өтем) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемді Компания тауарды немесе қызметті сатып алушыға бергенге дейін төлесе, шарт бойынша міндеттеме төлем жасалған сәтте немесе төлем төленуге тиіс сәтте (қайсысы бірінші орын алуына қарай) танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Компания шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде түсім ретінде танылады.

Шығындар

Шығындар ақшалай қаражат пен оның баламасы қашан төленгеніне қарамастан, тиісті тауарлар немесе қызметтер нақты алынған сәтте есепке алынады және олар қатысты кезеңдегі қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Қаржыландыру шығындары

Компанияның ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақыт қажет ететін активті сатып алуға, құруға немесе өндіруге тікелей қатысты қаржыландыру шығындары осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Барлық басқа қаржыландыру шығындары олар туындаған кезеңдегі шығыстарға жатады. Қаржыландыру шығындарына пайыздарды төлеу және Компанияның қарыз қаражатына байланысты көтерген басқа да шығындары кіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)**Салықтар***Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдары өтеуге талап ететіні немесе салық органдарына төленетіні күтілетін сомада бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы – Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есепті күнде қабылданған немесе мәні жөнінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Меншікті капиталда тікелей танылған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы пайда мен залал туралы есепте емес, меншікті капитал құрамында танылады. Ұйым басшылығы тиісті салық заңнамасы басқаша түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді түрде бағалап тұрады және қажет болған жағдайда бағалау міндеттемелерін жасайды.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен қаржылық есептілік мақсаттары үшін есепті күнгі баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды анықтау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған және операция жасалу сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да пайдасына әсер етпейтін жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтар, алдағы кезеңдерге көшірілген пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары бойынша, салық салынатын пайданың болуы ықтимал болатын дәрежеде танылады, шегерілетін уақытша айырмашылыққа қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операция жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, оған қарсы алдағы кезеңдерге көшірілген пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық залалдары есепке алынуы мүмкін;

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнде қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалану мүмкіндігін беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтимал болуы қоятын, ықтималды емес деп бағаланатын дәрежеде азайтылады. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнде қайта қаралады және алдағы салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік беретіні ықтимал болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнде қолданыстағы немесе мәні жөнінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) негізделген, активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңіне қолданылуы күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залалдан тыс танылған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залалда танылмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не басқа жиынтық табыста (БЖТ), не тікелей меншікті капиталда танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Салықтар (жалғасы)***Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)*

Компанияның басшылығы кейінге қалдырылған салықты мойындамайды, себебі Компания өлеуметтік салада қызмет ететін ұйымдарға жатады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасы айқындау кезінде Компания, өлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратындардан түсетін кірістерге өтеусіз алынған мүлік, депозиттер бойынша сыйақы түріндегі кірістерді, сондай-ақ оң бағамды айырма сомасының осындай кірістерден туындайтын теріс бағамдық айырма сомасынан асып кеті. Компанияның жылдық жиынтық кірісінің кемінде 90% құрайтын болса, есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға азайтады.

Қосылған құн салығы

Салық заңнамасы нетто негізінде сату және сатып алу кезінде қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуді қарастырады. Осылайша, өтеуге жататын ҚҚС сату бойынша ҚҚС шегерілген сатып алулар бойынша ҚҚС болып табылады.

Төлеуге жататын ҚҚС

Төлеуге жататын ҚҚС Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ҚҚС салынуға жататын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуден түскен кірістер бойынша бухгалтерлік есепте есептеледі. Сонымен қатар, дебиторлық берешектің құнсыздануына резерв есептелген жағдайда құнсыздану сомасы ҚҚС қоса алғанда берешектің жалпы сомасына есептеледі.

ҚР Салық кодексінің 394-бабына сәйкес осы қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын білім беру саласындағы білім беру қызметтерін өткізу айналымдары ҚҚС төлеуден босатылады.

Өтеуге жататын ҚҚС

Өтеуге жататын ҚҚС ҚҚС-пен сатып алынған және олар кіріс алу үшін пайдаланылған болса, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша бухгалтерлік есепте көрсетіледі. Өрбір есепті күнде өтеуге жататын ҚҚС шотындағы сома төлеуге жататын ҚҚС шотындағы сомамен бірге есепке жатқызылады.

ҚР Салық кодексінің 394-бабына сәйкес осы қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын білім беру саласындағы білім беру қызметтерін өткізу айналымдары ҚҚС төлеуден босатылады.

Қызметкерлердің сыйақыларынан аударымдар

Компания Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өлеуметтік салықты және өлеуметтік аударымдарды 9,5% және 3,5% мөлшерлемелері бойынша төлейді, тиісінше 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақыдан және міндетті медициналық сақтандыруды (МӘМС) 2% мөлшерлемесі бойынша төлейді, сондай-ақ есептелген кірістің 2% мөлшерлемесі бойынша МӘМС (МӘМСЖ) жарналарын ұстайды және аударады.

Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өрбір қызметкердің жалақысының 10% бірыңғай зейнетақы қорына аударады.

Сондай-ақ Компания қызметкерлердің жалақысынан 10% біркелкі мөлшерлемесі бойынша табыс салығын ұстайды және оны Қазақстан Республикасының бюджетіне төлейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Шетел валютасы

Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған, ол сондай-ақ Компанияның функционалдық валютасы және Компанияның қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылады.

Операциялар мен мөлшерлемелер

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция тану критерийлерін алғаш рет қанағаттандырып тұрған күнгі тиісті валюта бағамдары бойынша қайта есептеумен функционалдық валютада көрсетіледі. Шетел валютасында деноминацияланған монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнгі валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмашылықтар пайда немесе залал құрамында танылады. Шетел валютасындағы тарихи құны бойынша бағаланған монетарлық емес баптар бастапқы операциялар жасалған күнгі айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа алынған айырбастау бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми валюта бағамдары ретінде пайдаланылады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компанияның жыл аяғында пайдаланған валюта бағамы төмендегідей:

Валюта	Айырбас бағамы (теңгеге)		Жылдағы орташа айырбас бағамы (теңгеге)	
	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны	2022 жыл	2021 жыл
АҚШ доллары	462.65	431.67	460.48	426.03
Еуро	492.86	487.79	484.22	504.04

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар құнсызданудан болған жинақталған залалдар шегерілген бастапқы құны бойынша есепке алынады.

Активтердің бастапқы құнына сатып алу құны, оның ішінде импорттық баждар мен өтелмейтін салықтар, ұзақ мерзімді жобаны салу кезіндегі қарыздар бойынша шығындар, сондай-ақ активті жұмыс жағдайына келтіруге және оны тағайындалған пайдалану орнына тасымалдауға байланысты кез келген тікелей шығындар кіреді.

Тозу желілік әдісті пайдалана отырып, активтердің пайдалы қызметінің келесі есептік мерзімдері ішінде есептеледі:

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар санаты	Пайдалы қызмет мерзімі, жыл
Ғимараттар мен құрылыстар (соның ішінде жақсартулар)	25-50 жыл
Машиналар мен жабдықтар	5-15 жыл
Көлік құралдары	7-10 жыл
Басқасы	4-17 жыл

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар (жалғасы)**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісін және бастапқыда танылған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісінің кез келген маңызды құрамдас бөлігін тану олар істен шыққаннан кейін немесе оларды пайдаланудан немесе істен шығарудан болашақ экономикалық пайда күтілмейтін жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтатудан туындайтын пайда немесе залал (істен шығудан түскен таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) активті тану тоқтатылған кездегі жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың жойылу құны, пайдалы қызмет мерзімі және тозу әдістері әр қаржылық жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда келешекті негізде түзетіледі.

Жалдау

Шарт жасалған кезде Компания жалпы шарт немесе оның жекелеген құрамдас бөліктері жалдау шарты болып табылатынын бағалайды. Жалпы шарт немесе оның бөліктері, егер бұл шарт бойынша өтеуге айырбас ретінде белгілі бір мерзімге сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығы берілетін болса, жалдау шарты болып табылады.

Қысқа мерзімді жалдауға немесе негізгі актив құны төмен жалдауға қатысты Компания мұндай жалдау бойынша жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішіндегі желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

Компания жалға алушы ретінде

Жалдау басталу күні Компания активті пайдалану құқығы нысанында және жалдау міндеттемесін таниды. Жалдау басталу күні Компания активті пайдалану құқығы нысанында бастапқы құны бойынша және жалдау міндеттемесін сол күні әлі жасалмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағалайды. Жалдау төлемдері, егер мұндай мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болса, жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталады. Егер мұндай мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компания қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады.

Компания жалға беруші ретінде

Компания өзінің әрбір жалдау шартын операциялық жалдау немесе қаржылық жалдау ретінде жіктейді.

Жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі, егер ол негізгі активті иеленумен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдаларды беретін болса. Жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі, егер ол негізгі активті иеленумен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдаларды бермейтін болса.

Қаржылық жалдау

Жалдау басталған күні Компания қаржылық жағдай туралы есептілігінде қаржылық жалдаудағы активтерді таниды және оларды жалдауға салынған таза инвестицияға тең сомада дебиторлық берешек ретінде ұсынады. Компания жалға берушінің жалдаудағы таза инвестициясының тұрақты мерзімдік кірістілік нормасын көрсететін кесте негізінде жалдау мерзімі ішінде қаржылық кірісті таниды.

Операциялық жалдау

Компания операциялық жалдау бойынша жалдау төлемдерін желілік әдіспен кіріс ретінде таниды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Босалқылар**

Босалқылар келесі екі шаманың ең азы бойынша бағаланады: өзіндік құны бойынша немесе сатудың ықтимал таза бағасы бойынша.

Әрбір активті тағайындалған орнына жеткізуге және оны тиісті күйіне келтіруге жұмсалған шығындар келесідей есепке алынады: орташа өлшенген өзіндік құны әдісі бойынша сатып алу шығындары.

Сатудың ықтимал таза бағасы өндірісті аяқтаудың есептік шығындары мен сатудың есептік шығындарын шегергендегі әдеттегі қызмет барысындағы есептік сату бағасы ретінде айқындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания әрбір есепті күнде активтің ықтимал құнсыздануы белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болса немесе активтің құнсыздануын жыл сайынғы тестілеу қажет болса, Компания активтің өтелетін сомасын бағалауды жасайды. Активтің немесе ақшалай қаражат тудырушы бірліктің өтелетін сомасы – келесі шамалардың ең үлкені болып табылады: активтің (ақшалай қаражат тудырушы бірліктің) істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құны немесе активтің (ақшалай қаражат тудырушы бірліктің) пайдалану құндылығы. Өтелетін сома, егер актив басқа активтер немесе активтер топтары өндіретін ақша құйылуларынан негізінен тәуелсіз ақша құйылуын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жеке актив үшін айқындалады.

Егер активтің немесе ақшалай қаражат тудырушы бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетсе, актив құнсызданған болып саналады және оның өтелетін сомасына дейін есептен шығарылады.

Қолдану құнын бағалау кезінде есептік болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке төн тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды анықтау кезінде соңғы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, нарықта еркін айналатын акциялардың баға белгілеуімен немесе басқа қолжетімді әділ құн көрсеткіштерімен расталады.

Компания құнсыздану сомасын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамдық есептеулерге сүйене отырып айқындайды, олар жеке активтер жатқызылған, ақшалай қаражатты тудыратын әрбір бірлік үшін бөлек дайындалады. Бұл жоспарлар мен болжамдық есептеулер, әдетте, бес жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына қатысты есептеледі және қолданылады.

Жалғасатын қызмет бойынша құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал туралы есепте, қайта бағалау БЖК құрамында бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған активтің мақсатына сәйкес келетін шығыс санаттары құрамында танылады. Мұндай жылжымайтын мүлік объектілері жағдайында құнсызданудан болған залал бұрын жасалған қайта бағалау сомасы шегінде БЖК құрамында танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)**

Компания әрбір есепті күнде активтің құнсыздануынан болған бұрын танылған залал белгілерінің бар-жоғын бағалайды. Егер мұндай белгі бар болса, Компания активтің немесе ақшалай қаражатты тудыратын бірліктің өтелетін сомасын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын танылған залал құнсызданудан соңғы залал танылған уақыттан бастап активтің өтелетін сомасын анықтау үшін пайдаланылған жорамалдарда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Өтеу активтің баланстық құны оның өтелетін сомасынан аспауы үшін, сондай-ақ егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал танылмаған болса осы актив танылатын амортизацияны шегергендегі баланстық құннан аспауы үшін шектелген. Мұндай өтеу пайда мен залал туралы есепте танылады.

Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау

Қаржы құралы – бұл бір ұйымның қаржылық активінің және басқа ұйымның қаржылық міндеттемесінің немесе үлестік құралының пайда болуына өкелетін кез келген шарт.

Қаржылық активтер*Бастапқы тану және бағалау*

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтер кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа жиынтық табыс (БЖТ) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын болып жіктеледі.

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің жіктелуі шартта көзделген қаржылық актив бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына және осы активтерді басқару үшін Компания қолданылатын бизнес үлгісіне байланысты. Елеулі қаржыландыру құрамдас бөлігі жоқ немесе оған қатысты Компания тәжірибелік сипаттағы ықшамдау қолданылған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания бастапқыда қаржылық активтерді пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында ұлғайған әділ құны бойынша, мүмкін болса бойынша шығындар сомасына бағалайды. Елеулі қаржыландыру құрамдас бөлігі жоқ немесе оған қатысты Компания тәжірибелік сипаттағы ықшамдау қолданылған дебиторлық берешек ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес анықталған мүмкін болса бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін бұл активтің шарттық талаптары қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «тек негізгі қарыз сомасы мен пайыздарға төлемдер» болып табылатын ақша ағындарын алуға себепші болғаны қажет. Мұндай бағалау SPPI тесті деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Компания қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес үлгісі ақша ағындарын тудыру мақсатында Компанияның өз қаржылық активтерін басқару тәсілін сипаттайды. Бизнес үлгісі ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржылық активтерді сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болады ма екенін анықтайды.

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге (стандартты шарттар бойынша сауда) сәйкес активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сатудың барлық операциялары мүмкін болса жасалған күні, яғни Компания активті сатып алу немесе сату туралы міндеттемені қабылдаған күні танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржылық активтер (жалғасы)***Кейінгі бағалау*

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (қарыздық құралдар);
- жинақталған пайдалар мен залалдарды кейіннен қайта жіктей отырып, басқа жиынтық табыс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (қарыздық құралдар);
- ұйымның қалауы бойынша тануды тоқтату кезінде жинақталған пайдалар мен залалдарды кейіннен қайта жіктеусіз басқа жиынтық табыс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (үлестік құралдар);
- пайда немесе залал арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (қарыздық құралдар)

Бұл санат Компания үшін ең орынды болып табылады. Компания қаржылық активтерді амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- қаржылық актив бизнес үлгісі шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын жинау үшін қаржылық активтерді ұстау болып табылады; және
- қаржылық активтің шарттық талаптары белгілі бір күндерде қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне тек негізгі қарыз сомасы мен пайыздарға төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуға себепші болады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қойылады. Пайдалар немесе залалдар активті тануды тоқтатқан, өзгерткен немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Компания амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына дебиторлық берешекті жатқызады.

Тануды тоқтату

Қаржылық активті (немесе – қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігін) тану тоқтатылады (яғни Компанияның қаржылық жағдайы туралы есептен шығарылады), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі өткен; немесе
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын алынатын ақша ағындарының үшінші тұлғасына берсе немесе толық көлемде және елеулі кідіріссіз «транзиттік» келісім бойынша төлеуге міндеттеме алса; және не (а) Компания активтің іс жүзінде барлық тәуекелдері мен пайдаларын берсе не (b) Компания активтің іс жүзінде барлық тәуекелдері мен пайдаларын бермеген, бірақ өзіне де сақтамаған, ал осы активті бақылауды тапсырған болса.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе «транзиттік» келісім жасасса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдаларды сақтап қалды ма, жоқ па, егер солай болса, қаншалықты көлемде екенін бағалайды. Егер Компания активтің іс жүзінде барлық тәуекелдері мен пайдаларын бермесе, бірақ сақтамаса да, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Компания берілген активті оған қатысу үлесіне қарай тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Компания тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржылық активтер (жалғасы)***Тануды тоқтату (жалғасы)*

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу келесі шамалардың ең азы бойынша бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуі Компаниядан талап етілуі мүмкін ең жоғары өтеу сомасы.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ) екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәтінен бастап кредиттік төуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары жағдайында алдағы 12 ай ішінде (12 айлық күтілетін кредиттік залалдар) ықтимал дефолттардың салдарынан болуы мүмкін кредиттік залалдарға қатысты залалға арналған бағалау резерві жасалады. Бастапқы танылған сәтінен бастап кредиттік төуекел айтарлықтай ұлғайған қаржы құралдары үшін дефолт басталу мерзіміне қарамастан (бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар) осы қаржы құралының қалған қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты залалға арналған бағалау резерві жасалады.

Дебиторлық берешекке қатысты Компания залалға арналған бағалау резервін мойындамайды, өйткені дебиторлық берешек толығымен банк кепілдігімен жабылады.

Қаржылық міндеттемелер*Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе залал арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, кредиттер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе Компанияның қалауымен тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген туынды құралдар ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында) мәміле бойынша тікелей байланысты шығындарды шегергендегі өділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері кредиторлық берешекті қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау олардың келесідей жіктелуіне байланысты:

Пайда немесе залал арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Пайда немесе залал арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер саудаға арналған қаржылық міндеттемелерді және бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы өділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржылық міндеттемелерді қамтиды. Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайдалар немесе залалдар пайда мен залал туралы есепте көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)***Кейінгі бағалау (жалғасы)*

Қаржылық міндеттемелер, егер олар жақын арада сатып алу мақсатында туындаса, саудаға арналған ретінде жіктеледі. Бұл санатқа сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 9 анықтамасына сәйкес хеджирлеу қатынасында хеджирлеу құралдары ретінде белгіленбеген Топ пайдаланатын туынды қаржы құралдары кіреді. Кейбір кіріктірілген туынды құралдар, егер олар тиімді хеджерлеу құралдары ретінде белгіленбесе, сондай-ақ саудаға арналған ретінде жіктеледі. Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайдалар немесе залалдар пайда мен залал туралы есепте көрсетіледі.

Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күні және ХҚЕС (IFRS) 9 критерийлері орындалған жағдайда ғана жіктеледі. Компания ешқандай қаржылық міндеттемені пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктемеген.

Кредиторлық берешек

Бастапқы танудан кейін кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайдалар мен залалдар оларды тануды тоқтату кезінде және тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияны есептеуге қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық алымды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда немесе залал туралы есепте қаржылық шығындарға қосылады.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе мерзімі өтіп кетсе, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер бұрыннан бар қаржылық міндеттеме сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай басқа талаптармен ауыстырылса немесе бар міндеттеменің талаптары елеулі түрде өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгертулер бастапқы міндеттемені танудың тоқтатылуы және жаңа қаржылық міндеттемені танудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырмашылық пайда немесе залал туралы есепте танылады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Танылған сомаларды өзара есепке алуға қазіргі уақытта заңды түрде орындалатын құқығы болғанда және нетто негізде есеп айырысу, активтерді өткізу және бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда, қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға, ал нетто сома қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуге жатады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Ақшалай қаражат және қысқа мерзімді депозиттер**

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақшалай қаражатқа және қысқа мерзімді депозиттерге банктердегі және кассадағы ақшалай қаражат және құнының өзгеру тәуекелі шамалы болатын өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп мақсатында ақшалай қаражат пен оның баламасы жоғарыда анықталғандай ақшалай қаражат пен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері танылады, егер Компанияда өткен оқиғаның нәтижесінде туындаған қазір бар міндеттемесі (заңды немесе тәжірибе себепші болған) болса; осы міндеттемені өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың кетуі ықтимал болып табылады және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағалауын алуға болса. Егер Компания барлық бағалау міндеттемелерінің бір бөлігін немесе барлығын өтеуді ойластырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде танылады, бірақ өтеуді алу күмән тудырмайтын жағдайда ғана. Бағалау міндеттемесіне қатысты шығыс өтеуді шегергенде пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері айтарлықтай болса, бағалау міндеттемелері, қолданылатын болса, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін, салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, уақыт өте келе бағалау міндеттемесінің ұлғаюы қаржыландыру шығындары ретінде танылады.

Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдану

Компания 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы Компанияның жылдық қаржылық есептілігіне қатысты күшіне енген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру жөніндегі комитет (бұдан әрі «ХҚЕСТК») шығарған келесі жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді қолданады:

«Covid-19 пандемиясына байланысты, 2021 жылдың 30 маусымынан кейін күшіне өнетін жалдау жеңілдіктері» – ХҚЕС (IFRS) 16 бойынша түзету

Түзету жалға алушыларға COVID-19ға байланысты жалдауға концессия жалдаудың модификациясы болып табылатынын бағалаудан босатуды қамтамасыз етеді;

ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер»

Түзетулер келісімшартты орындауға арналған шығындарға келісімшартқа тікелей қатысты шығындар кіретінін нақтылайды. Келісімшартқа тікелей қатысты шығындар осы келісімшартты орындауға арналған қосымша шығындар (мысалы, еңбекке, материалдарға жұмсалған тікелей шығындар) немесе келісімшарттарды орындауға тікелей қатысты басқа шығындарды бөлу (мысалы, келісімшартты орындау кезінде қолданылатын жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар нысаны бойынша амортизациялық аударымдарды бөлу) болуы мүмкін;

«Концептуалды негізге сілтемеге түзетулер» – ХҚЕС (IFRS) 3 бойынша түзетулер

Түзетулер стандарт талаптарын айтарлықтай өзгертпестен ХҚЕС (IFRS) 3 бойынша концептуалды негізге ескірген сілтемені жаңартады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2018-2020 жылдар кезеңі***ХҚЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы»*

Түзету ХҚЕС (IAS) 41-дің 22-тармағындағы келтірілген құн әдісін пайдалана отырып, биологиялық активтің әділ құнын бағалау кезінде компанияларға салық салынатын ақша ағындарын алып тастау талабын жояды.

ХҚЕС (IAS) 16 «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар»

Түзетулер басшылықтың ниетіне сәйкес активтің жұмыс істеуі үшін оны қажетті орынға және жағдайға әкелген кезде жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісінің өзіндік құнынан өндірілген тауарларды сатудан түскен кез келген кірістерді шегеруге тыйым салады. Оның орнына компания осындай тауарларды сатудан түскен түсімді және оларды өндіруге жұмсалған шығындарды пайда немесе залал құрамында таниды.

ХҚЕС (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»

Түзету 1 ХҚЕС (IFRS) 1-дің D16(a) тармағын қолданатын еншілес компанияға оның бас компаниясы көрсеткен сомаларды пайдалана отырып, бас компанияның ХҚЕС-ке көшу күні негізінде жиынтық бағам айырмаларын бағалауға мүмкіндік береді.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

Түзету қаржылық міндеттемені тануды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде ХҚЕС (IFRS) 9-дың B3.3.6 тармағындағы 10 пайыз критерийін қолданғанда компания қандай комиссиялық алымды қамтитынын түсіндіреді. Компания тек компания (қарыз алушы) мен кредитор арасында төленген немесе алынған алымдарды, соның ішінде компания немесе кредитор басқа тараптың атынан төлеген немесе алған алымдарды қамтиды. 2022 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады;

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»

Түзету мысалда жалдау бойынша жеңілдіктер қалай бейнеленгеніне байланысты туындауы мүмкін жалдау бойынша жеңілдіктерді есепке алуға қатысты кез келген ықтимал шатасуды жою үшін жалға берушінің жалданған мүлікті жақсартуларды өтеуін бейнелеуді мысалдан алып тастайды.

Бұл жаңа стандарттар мен түзетулер Компанияның қаржылық жағдайы мен жұмыс нәтижелеріне айтарлықтай әсер етпейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС**

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға толықтырулар мен түсіндірмелер 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әлі күшіне енген жоқ және осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылмаған. Аталған жаңалықтардың ішінде төмендегі стандарттар мен түзетулер Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықтимал әсер етуі мүмкін. Компания осы стандарттар мен түзетулерді олар күшіне енген сәттен бастап қолдануды жоспарлап отыр. Компания жаңа стандарттардың қаржылық есептіліктің деректеріне ықтимал әсерін әлі талдаған жоқ.

Осы қаржылық есептілікті бекіту күні келесі жаңа стандарттар мен түсіндірмелер шығарылған, бірақ әлі күшіне енген болатын, Компания оларды мерзімінен бұрын қабылдаған жоқ:

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» сақтандыру міндеттемелерінің ағымдағы орындалу құны бойынша бағалануын талап етеді және барлық сақтандыру шарттары үшін бағалау мен ұсынудың неғұрлым біркелкі тәсілін қамтамасыз етеді. Бұл талаптар сақтандыру шарттарын дәйекті, түбегейлі есепке алу мақсатына жетуге бағытталған. 2023 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну»

ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» және 2-Тәжірибелік нұсқаулыққа (IAS) түзетулер компания өзінің негізгі есеп саясатын емес, маңызды есеп саясатын ашып көрсеткенін талап етеді. Кейінгі түзетулер компанияның маңызды есеп саясатын қалай анықтай алатынын түсіндіреді. Түзетуді қолдау мақсатында Басқарма сонымен қатар 2-Тәжірибелік нұсқаулықта сипатталған «маңыздылықты анықтаудың төрт сатылық үдерісін» қолдануды түсіндіру және көрсету үшін нұсқаулар мен мысалдар әзірледі. 2023 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер»

ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» бойынша түзетулер бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер анықтамасын бухгалтерлік бағалаулар анықтамасымен ауыстырады. Жаңа анықтамаға сай бухгалтерлік бағалаулар «бағалау белгісіздігіне ұшырайтын қаржылық есептіліктегі ақшалай сомалар» болып табылады. Егер есеп саясаты бағалау белгісіздігін ойластыратын әдіспен қаржылық есептіліктің баптарын бағалауды талап етсе, компаниялар бухгалтерлік бағалауларды өзірлейді. Түзетулер жаңа ақпараттан немесе жаңа өзгерістерден пайда болған бухгалтерлік бағалаудағы өзгеріс қатені түзету болып табылмайтынын түсіндіреді. 2023 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салықтар»

Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық (ХҚЕС (IAS) 12 «Табысқа салынатын салықтар» бойынша түзетулер) бастапқы танудан босату бастапқы тану кезінде шегерілетін және салық салынатын уақытша айырмашылықтардың тең сомалары пайда болатын операцияларға қолданылмайтынын түсіндіреді. 2023 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚА ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа және қайта қаралған ХҚЕС (жалғасы)**

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» бойынша түзетулер – Салыстырмалы ақпарат (ХҚЕС (IFRS) 17 бойынша түзету) ХҚЕС (IFRS) 17 және ХҚЕС (IFRS) 9 алғаш рет бір мезгілде қолданатын компанияларға қаржылық актив туралы салыстырмалы ақпаратты ХҚЕС (IFRS) 9 жіктеу және бағалау туралы талаптары осы қаржылық активке бұрын қолданылған сияқты ұсынуға мүмкіндік береді. 2023 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну»

ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» бойынша түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» компанияларға өтеу мерзімі белгісіз қарыздық және басқа да міндеттемелерді қаржылық жағдай туралы есепте ағымдағы (бір жыл ішінде өтеуге жататын немесе өтеуге жататыны мүмкін) немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу қажеттігін анықтауға көмектесу арқылы талаптарды қолданудағы дәйектілікті қамтамасыз етуге бағытталған. 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» бойынша түзетулер – «Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер» компанияның есепті кезеңнен кейін он екі ай ішінде орындауы тиіс талаптардың міндеттеменің жіктелуіне қалай әсер ететінін түсіндіреді. 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» бойынша түзетулер – «сату және кері жалдау кезіндегі жалдау міндеттемелері» сатушы-жалдаушы ХҚЕС (IFRS) 15 есепке алу талаптарын сату ретінде қанағаттандыратын сату және кері жалдау операцияларын кейін қалай бағалайтынын түсіндіреді. 2024 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 – «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе төлеу»

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 бойынша түзетулер инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру жағдайларына қатысты. Түзетулердің күшіне ену күнін ХҚЕС кеңесі әлі белгілемеген; дегенмен, түзетулерді ертерек қолдануға рұқсат етіледі.

Компания осы жаңа стандарттар мен түзетулерді күшіне енген күннен бастап қолдануды көздеп отыр.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАР, БАҒАЛАУ МӨНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР**

Компанияның қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте ұсынылатын кірістер, шығыстар, активтер мен міндеттемелердің сомаларына, сондай-ақ осы баптар мен шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашып көрсетуге әсер ететін пайымдар шығаруды және бағалаулар мен жорамалдар белгілеуді талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалауларға қатысты белгісіздік осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің баланстық құнына болашақта елеулі түзетулер енгізуді талап ететін нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Пайымдар

Компанияның есеп саясатын қолдану барысында басшылық қаржылық есептілікте танылған сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін келесі пайымдарды пайдаланды:

Сатып алушылармен жасалған шарттардан түсетін түсім

Тауарлар мен қызметтерді сату шарты жасалған кезде Компания сатып алушымен шарт бойынша уәде етілген активтерді бағалайды және сатып алушыға ерекшеленетін активті немесе іс жүзінде бірдей болып табылатын және сатып алушыға бірдей схема бойынша берілетін бірқатар ерекшеленетін активтерді беруге әрбір уәдені орындау міндеттемесі ретінде сәйкестендіреді.

Қызметтерді сатудан түскен кіріс қызмет көрсетілген кезеңде танылады.

Қызметтерді сатудан түскен кіріс, егер келесі критерийлердің кез келгені орындалса, уақыт өте келе танылады:

- Сатып алушы Компанияның аталған міндетті орындауына байланысты пайданы оны Компанияның орындауына қарай бір уақытта алады және тұтынады;
- Компания өзінің орындалатын міндетін атқару барысында актив құрылады немесе жетілдіріледі, сатып алушы активті құру немесе жақсарту кезінде оған бақылауды алады; немесе
- Компанияның өз міндетін орындауы Компания балама мақсаттарда пайдалана алмайтын активті құруға әкеп соқпайды және бұл ретте Компанияның қазіргі уақытқа дейін шарттық жұмыстардың бір бөлігін аяқтағаны үшін төлем алуға заңды қорғалған құқығы бар.

Басқа жағдайларда қызметтерді сатудан түскен кіріс белгілі бір уақытта танылады.

Бағалаулар мен жорамалдар

Болашақ туралы негізгі жорамалдар және келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізудің себебі болуы мүмкін есепті күндегі бағалаулардағы белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қарастырылады. Компанияның жорамалдары мен бағалау мөндері қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компанияда бар болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен, ағымдағы жағдайлар мен болашаққа қатысты жорамалдар нарықтағы өзгерістерге немесе Компанияның бақылауынан тыс жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер орын алғанына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)****Бағалаулар мен жорамалдар (жалғасы)***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы*

Егер активтің немесе ақшалай қаражатты тудырушы бірліктің баланстық құны келесі шамалардың ең үлкені болып табылатын оның өтелетін сомасынан асатын болса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құн немесе пайдалану құндылығы. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құн есептеу ұқсас активтерді тәуелсіз тараптар арасында немесе активтің істен шығуына байланысты жұмсалатын қосымша шығындар шегеріліп, бақыланатын нарықтық бағалар бойынша міндетті күші бар сату операциялары туралы қолда бар ақпаратқа негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындары үлгісіне негізделген. Ақша ағындары алдағы бес жылға арналған бюджеттен алынады және Компанияның оған әлі міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау қызметін немесе ақшалай құнсыздануға сыналған қаражатты тудыратын бірліктің активтерінің нәтижелерін жақсартатын маңызды болашақ инвестицияларды қамтымайды. Өтелетін сома дисконтталған ақша ағындары үлгісінде қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіне және күтілетін ақша құйылулары мен экстраполяция мақсатында пайдаланылатын өсу қарқынына барынша сезімтал.

Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған бағалау резерві

Сауда дебиторлық берешегіне қатысты Компания күтілетін кредиттік залалдарды есептеуде оңайлатылған тәсілді қолданады. Осылайша, Компания кредиттік тәуекелдегі өзгерістерді бақылап отырмайды, оның орнына әрбір есепті күндегі мерзім бойы күтілетін кредиттік залалдар негізінде әрбір есепті күндегі залалға арналған резервті таниды. Компания дебиторлар мен қоршаған ортаға тән болжамды факторларды ескере отырып түзетілген өзінің кредиттік залалдар бойынша тәжірибесіне негізделген күтілетін кредиттік залалдарды есептеу үшін резервтер матрицасын қолданды.

Салықтар

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималды болатын дәрежеде танылады. Болашақ салық салынатын пайданың ықтимал алу мерзімі мен көлеміне және салықтық жоспарлау стратегиясына негізделген қаржылық есептілікте танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды пайымы қажет.

Компанияның басшылығы Компания әлеуметтік салада қызмет ететін ұйымдарға жататынына байланысты кейінге қалдырылған салықты мойындамайды. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Компания бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға азайтады, егер өтеусіз алынған мүлік түріндегі кірістерді, салымдар бойынша сыйақыны, сондай-ақ оң бағам айырмасы сомасының осындай кірістен туындайтын теріс бағам айырмасы сомасынан асып кетуін ескере отырып, әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратындардан түсетін кірістер Компанияның жылдық жиынтық кірісінің кемінде 90%-ын құраса.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАР, БАҒАЛАУЫШ МАҒЫНАЛАР ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)***Қаржы құралдарын әділ құны бойынша бағалау*

Қаржылық жағдай туралы есепте танылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтардағы баға белгілеуі негізінде анықтау мүмкін болмаған жағдайда, ол дисконтталған ақша ағындарының үлгісін қоса алғанда, бағалау үлгілерін пайдалана отырып анықталады. Бұл үлгілер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан алынған ақпарат пайдаланылады, алайда бұл іс жүзінде мүмкін болмаса, әділ құнды анықтау үшін жекелеген пайымдар қажет. Пайымдар өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және құбылмалылық сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға қатысты жорамалдардағы өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Компания әрбір есепті кезеңнің соңында жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың қалған пайдалы қызмет мерзімін бағалайды. Егер күтулер алдыңғы бағалаулардан өзгеше болса, өзгерістер ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» сәйкес есептік бағалаулардағы өзгерістер ретінде есепке алынады. Бұл бағалаулар жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың баланстық құнына және жиынтық залал туралы есепте көрсетілген амортизацияға елеулі әсер етуі мүмкін. Компания есепті жылы жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімін қарастырған жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

5. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар келесідей көрсетілген:

Мың теңге	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны:							
2021 жылдың 1 қаңтарында	98,443	3,167,233	1,581,758	73,772	454,534	1,201,266	6,577,006
Түсімдер	-	1,450	425,705	-	7,567	266,871	701,593
Ішкі ауысу	-	1,455,987	-	-	-	(1,455,987)	-
Істен шығулар	-	-	(1,216)	(12,989)	(432)	-	(14,637)
2021 жылдың 31 желтоқсанында	98,443	4,624,670	2,006,247	60,783	461,669	12,150	7,263,962
Түсімдер	-	-	106,526	748	10,914	36,364	154,552
Ішкі ауысу	-	-	34,447	-	-	(34,447)	-
Істен шығулар	-	-	(13,046)	-	(116,190)	-	(129,236)
2022 жылдың 31 желтоқсанында	98,443	4,624,670	2,134,174	61,531	356,393	14,067	7,289,278
Жинақталған тозу мен құнсыздану:							
2021 жылдың 1 қаңтарында	-	1,063,590	1,034,625	34,644	379,442	-	2,512,301
Бір жылда есептелген	-	74,668	105,400	4,867	21,449	-	206,384
Істен шығу бойынша тозу	-	-	(999)	(12,989)	(250)	-	(14,238)
2021 жылдың 31 желтоқсанында	-	1,138,258	1,139,026	26,522	400,641	-	2,704,447
Бір жылда есептелген	-	95,927	150,302	4,907	22,710	-	273,846
Істен шығу бойынша тозу	-	-	(12,932)	-	(116,152)	-	(129,084)
2022 жылдың 31 желтоқсанында	-	1,234,185	1,276,396	31,429	307,199	-	2,849,209
Баланстық құны:							
2021 жылдың 31 желтоқсанында	98,443	3,486,412	867,221	34,261	61,028	12,150	4,569,515
2022 жылдың 31 желтоқсанында	98,443	3,390,485	857,778	30,102	49,194	14,067	4,440,069

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша толық амортизацияланған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың құны 964,741 мың теңгені құрайды (2021 жылдың 31 желтоқсаны: 1,052,655 мың теңге).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

6. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР ЖӘНЕ БАСҚА АКТИВТЕР

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстар келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Тауарлар мен қызметтер сатып алуға берілген аванстар	39,847	115,964
Алдағы кезеңдердің шығындары	59,364	56,897
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	13,488	25,349
Басқасы	578	2,212
Минус: күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв	(12,712)	(2,322)
	100,565	198,100

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстар келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Ұзақ мерзімді бөлігі	30,839	88,904
Ағымдағы бөлігі	82,438	111,518
Минус: күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв	(12,712)	(2,322)
	100,565	198,100

2022 жылдағы күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Жылдың басында	(2,322)	(2,392)
Қалпына келтірілген / (есептелген)	(10,390)	70
Есептен шығарылған	-	-
Жылдың соңында	(12,712)	(2,322)

7. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда және өзге дебиторлық берешек келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Студенттердің оқу бойынша берешегі	61,550	60,652
Қызметкерлердің оқу бойынша берешегі	1,655	4,727
Студенттердің тұру бойынша берешегі	3,027	2,779
Өзге берешек	24,012	10,359
Минус: күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв	(63,176)	(60,095)
	27,068	18,422

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша дебиторлық берешек келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Ұзақ мерзімді бөлігі	63,861	63,994
Ағымдағы бөлігі	26,383	14,523
Минус: күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв	(63,176)	(60,095)
	27,068	18,422

2022 жылдағы күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Жылдың басында	(60,095)	(56,898)
Қалпына келтірілген / (есептелген)	(2,986)	(3,197)
Есептен шығарылған	(95)	-
Жылдың соңында	(63,176)	(60,095)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға
8. БОСАЛҚЫЛАР

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша босалқылар келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Материалдар	159,837	114,880
Тауарлар	-	768
Минус: ескірген және өтімсіз босалқылар бойынша резерв	(48,862)	(15,892)
	110,975	99,756

2022 жылдағы ескірген және өтімсіз босалқылар бойынша резервтегі қозғалыс келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Жылдың басында	(15,892)	(14,951)
Қалпына келтірілген / (есептелген)	(32,970)	(941)
Есептен шығарылған	-	-
Жылдың соңында	(48,862)	(15,892)

9. ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге қаржылық инвестициялар келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	Өтеу мерзімі	Пайыздық мөлшерлеме	Валюта	2022 жылдың 31 желтоқсаны	
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	Наурыз 2023	6.90%	теңге	1,159,700	
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	Қыркүйек 2023	1.00%	АҚШ доллары	3,141,612	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	Наурыз 2023	0.50%	АҚШ доллары	1,623,320	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	Мамыр 2023	0.50%	АҚШ доллары	1,569,028	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	Наурыз 2023	7.50%	теңге	52,304	
"Банк ЦентрКредит" АҚ	Наурыз 2023	10.15%	теңге	214,305	
Алынатын сыйақы				83,316	
				7,843,585	
<i>мың теңге</i>	Өтеу мерзімі	Пайыздық мөлшерлеме	Валюта	2021 жылдың 31 желтоқсаны	
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	Қыркүйек 2023	0,70%	АҚШ доллары	2,931,243	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	Наурыз 2023	6,90%	Теңге	1,932,177	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	Мамыр 2023	7,00%	Теңге	1,531,791	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	Наурыз 2023	0,50%	АҚШ доллары	423,384	
"Банк ЦентрКредит" АҚ	Наурыз 2023	7,25%	Теңге	52,300	
				110,973	
				6,981,868	
<i>мың теңге</i>				2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Ағымдағы банк шоттарындағы депозиттер				7,760,269	6,870,895
Алынатын сыйақы				83,316	110,973
				7,843,585	6,981,868

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

10. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламасы келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша	823,717	184,566
Банк картасы шотындағы ақша	1,216	1,260
Кассадағы ақшалай қаражат	147	704
	825,080	186,530

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламасы келесі валюталарда көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Алтын троя унциясы (XAU)	582,191	–
Қазақстандық теңге (KZT)	195,041	61,312
АҚШ доллары (USD)	45,173	125,218
Еуро (EUR)	2,525	–
Фунт стерлинг (GBP)	150	–
	825,080	186,530

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақшалай қаражат және оның баламасы келесі банктерде орналастырылған:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	698,095	65,623
«Банк ЦентрКредит» АҚ	118,421	118,706
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	7,166	196
«First Heartland Jysan Bank» АҚ	35	41
	823,717	184,566

11. ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2007 жылдың 19 қазанында Компания «Алматы Жарық Компаниясы» АҚ-мен № 379 келісім жасасты. Келісім талаптарына сәйкес Компания «Алматы Жарық Компаниясы» АҚ-на қосымша электр қуаты үшін 68 370 мың теңге көлемінде пайызсыз несие берді. Бұл соманы «Алматы Жарық Компаниясы» АҚ 2010 жылдың 1 қарашасынан бастап 2030 жылдың 1 қазанына дейін ай сайын 285 мың теңгелік тең бөліктермен өтеуі тиіс.

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Қосымша электр қуаты үшін дебиторлық берешек		
Ұзақ мерзімді бөлігі	23,359	26,777
Ағымдағы бөлігі	3,419	3,419
Дисконт	(22,850)	(19,965)
	3,928	10,232

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Қаржылық активтер, қысқа мерзімді бөлігі	3,419	3,419
Қаржылық активтер, ұзақ мерзімді бөлігі	510	6,814
	3,929	10,233

Компания қаржылық активті өділ құны бойынша таниды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

12. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Компания акционерлерінің құрамы 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 1-Еск. берілген.

Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бейкоммерциялық ұйымдардың дивидендтер есептеуге және бөлуге құқығы жоқ.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	Жарияланған акциялар саны (дана)	Шығаруға рұқсат етілген жарғылық капитал	Жарғылық капиталдағы сатып алынған акциялар	Шығарылған жарғылық капитал
Номиналды құны 1,000 теңге жай акциялар	500,750	500,750	500,750	500,750
Номиналды құны 432 теңге жай акциялар	84,250	36,396	36,396	36,396
	585,000	537,146	537,146	537,146

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша акционерлері тұрғысынан Компанияның жарғылық капиталы келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	Жай акциялар саны	%-дағы ара қатынасы
ЗТ ҚР ҚМ Мем.мүлік және жекешелендіру комитеті ММ	234,012	40%
Чан Йан Бэнг – жеке тұлға	350,988	60%
	585,000	100%

13. ШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ БӨЛІГІ

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шарттар бойынша міндеттемелер келесідей көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Оқуға алынған аванстар	1,686,983	1,386,275
Кітапханаға алынған аванстар	32,796	34,038
Курстарға алынған аванстар	27,470	22,732
Тұруға алынған аванстар	64,992	39,198
Өзге алынған аванстар	2,576	1,822
	1,814,817	1,484,065

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша алынған аванстарды негізінен студенттердің білім беру қызметтері үшін, тұру үшін, кітапхана қызметтері үшін, қысқа мерзімді курстар үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалар-заңды тұлғалардың білім беру шарттарында қарастырылған сол студенттік қызметтер үшін алдын ала төлемімен көрсетілген. Өзге алынған аванстарға алдағы кезеңдердегі коммуналдық қызметтер мен тұрақ орындары үшін алынған төлемдер кіреді.

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Ұзақ мерзімді бөлігі	138,362	138,785
Ағымдағы бөлігі	1,676,455	1,345,280
	1,814,817	1,484,065

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға
14. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге кепілдік депозит	55,908	50,291
Сауда кредиторлық берешек	20,518	12,050
Еңбекақы төлеу бойынша берешек	41	30
Демеушілік көмек және басқа мақсатты қорлар	13,571	48,023
Басқасы	82	241
	90,120	110,635

Демеушілік көмекке және басқа мақсатты қорларға студенттердің оқу ақысын төлеуге көмектесу үшін алынған арнайы гранттар және жобаларды мақсатты қаржыландыру кіреді. Бұл қаражаттар ағымдағы міндеттемелер ретінде есепте көрсетіледі және олардың игерілуіне қарай кіріс ретінде танылады.

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Демеушілерден алынған гранттар	55	3
Қайырымдылық, демеушілік көмек	1,470	3,342
Басқа мақсатты қорлар	12,046	44,678
	13,571	48,023

15. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	464,165	380,220
	464,165	380,220

16. АҒЫМДАҒЫ САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Жеке табыс салығы	32,262	27,124
Өлеуметтік салық	25,299	21,068
Қосылған құн салығы	-	2,623
Басқасы	-	2,162
	57,561	52,977

17. БАСҚА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Міндетті зейнетақы жарналары	24,749	19,600
Міндетті өлеуметтік аударымдар	2,972	2,150
Медициналық сақтандыру	4,963	3,046
Мемлекеттік баж	-	8
	32,684	24,804

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

18. ТҮСІМ

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы түсім келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Оқытудан алынған кіріс	5,960,616	5,197,559
Стипендиялар және білім беру гранттары	(816,450)	(657,979)
Жатақхана	215,748	75,556
Қосымша курстар	62,988	58,182
Кітапхана	965	590
	5,423,867	4,673,908

19. ӨЗІНДІК ҚҰН

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы өзіндік құн келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Жалақы және аударымдар	(2,680,748)	(2,333,983)
Амортизация	(221,926)	(180,143)
Коммуналдық шығындар	(112,426)	(85,872)
Тауарлар мен материалдар	(96,313)	(78,412)
Жөндеу және қызмет көрсету	(67,543)	(31,624)
Жарнама	(40,186)	(27,801)
Іссапар шығыстары	(14,041)	(9,091)
Конференцияны ұйымдастыру	(50,707)	-
Байланыс қызметтері	(7,849)	(5,001)
Өзге шығыстар	(34,862)	(8,958)
	(3,326,601)	(2,760,885)

20. САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы өткізу бойынша шығындар келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Жалақы және соған байланысты салықтар	(140,761)	(110,504)
Көліктік және іссапарлық шығындар	(24,077)	(1,429)
Әлеуметтік шараларды ұйымдастыру	(23,128)	-
Жарнамаға шығындар	(15,606)	(517)
Материалдар	(7,053)	(2,010)
Студенттерді іріктеу	(5,378)	-
Тозу және амортизация	(1,795)	(3,007)
Байланыс қызметтері	(1,275)	(8)
Жөндеу және қызмет көрсету	(586)	(825)
Өзге шығыстар	(10,338)	(7,526)
	(229,997)	(125,826)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға
21. ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы әкімшілік шығындар келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Жалақы және соған байланысты салықтар	(1,159,215)	(852,252)
Салықтар	(82,160)	(27,741)
Тозу және амортизация	(54,171)	(26,505)
Материалдар	(28,781)	(11,360)
Жөндеу және қызмет көрсету	(18,312)	(6,266)
Байланыс қызметтері	(10,769)	(6,752)
Аккредиттеу шығындары	(10,105)	(20,386)
Іссапарлық және өкілдік шығыстар	(8,022)	(3,214)
Консалтингтік қызметтер	(7,563)	(12,718)
Банк алымдары	(3,395)	(2,152)
Сақтандыру	(2,053)	(3,302)
Өзге шығыстар	(14,434)	(7,365)
	(1,398,980)	(980,013)

22. ӨЗГЕ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР), НЕТТО

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы өзге кірістер мен шығыстар келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Өзге кірістер		
Алынған гранттар	15,288	35,833
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	56,509	39,326
Студенттерден түскен басқа түсімдер	45,801	7,570
Өтеусіз алынған активтерден түскен кірістер	552	7,380
Өзге кірістер	19,714	97,097
	137,864	187,206
Өзге шығыстар		
Мақсатты бағдарлама бойынша шығыстар	(20,942)	(47,129)
Активтердің істен шығу шығыстары	(152)	(395)
Өзге шығыстар	(7,534)	(24,246)
	(28,628)	(71,770)
	109,236	115,436

23. РЕЗЕРВТЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы резервтердегі өзгерістер келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Дебиторлық берешек бойынша резервтер	(13,369)	(3,222)
Ескірген босалқыларға саналған резерв	(32,970)	(941)
	(46,339)	(4,163)

24. БАҒАМ АЙЫРМАСЫНАН КІРІСТЕР/ (ЗАЛАЛДАР)

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы бағам айырмасынан кірістер мен залалдар келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Кіріс/(шығыс) бағам айырмасы	212,728	79,566
	212,728	79,566

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

25. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық кірістер өзгерістері келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңге</i>	2022 жыл	2021 жыл
Өзге қаржылық инвестициялардан түскен кіріс	149,037	194,402
Қосымша электр қуаты туралы келісімшарт бойынша дисконт амортизациясы	(2,885)	655
	146,152	195,057

26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Осы қаржылық есептіліктің мақсатында байланысты тараптар деп, «*Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу*» ХҚЕС 24 бойынша анықталғандай, тараптардың бірі екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдерін бақылауға немесе оларға елеулі әсер ету мүмкіндігіне ие болған тараптар саналады. Тараптар байланысты болып табыла ма деген мәселені шешкен кезде тараптардың құқықтық нысаны ғана емес, олардың өзара қатынастарының мазмұны ескеріледі.

Осы қаржылық есептілікті ұсыну мақсатында негізгі басқарушы персонал және елеулі үлесі Компанияның негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама түрде тиесілі, сондай-ақ акционерлер мен акционерлер бақылайтын ұйымдар Компанияның байланысты тараптары болып табылады.

Байланысты тараптармен мәмілелер тараптар келісілген талаптармен жасалды, олар міндетті түрде нарықтық талаптармен жүзеге асырылмайды.

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы байланысты тараптармен жасалған маңызды мәмілелер төменде көрсетілген:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
«USKO International» ЖШС (Компания Президентінің жұбайының меншігі)		
Берілген аванстар	77	77
Алынған аванстар	(193)	(193)
	(116)	(116)
USKO Logistic International JSC (Компания Президентінің жұбайының меншігі)		
Алынған аванстар	(144)	(144)
	(144)	(144)
«USKO Mebel» ЖШС (Компания Президентінің жұбайының меншігі)		
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жеткізу	-	(22)
	-	(22)
ҚР Білім министрлігі (акционердің – Қазақстан Республикасы Мемлекетінің байланысты тарабы болып табылады)		
Гранттар, стипендиялар	(1,472)	(1,446)
	(1,472)	(1,446)
Бэнгтің білім қоры		
Гранттар, стипендиялар	(5,077)	(40,343)
	(5,077)	(40,343)
Кезең соңындағы берешек	(6,809)	(42,071)

Негізгі басқарушы персонал сыйақысы

Компанияның негізгі басқарушы персоналы 13 адамнан тұрады. 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы жиынтық табыс туралы есепте шығыстарға енгізілген негізгі басқарушы персонал сыйақысының жалпы сомасы 515,924 мың теңгені құрайды (2021 жыл: 441,275 мың теңге). Негізгі персонал сыйақысына Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес еңбекақы және өзге де төлемдер кіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

27. ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер үнемі өзгеріп отырады және әртүрлі түсіндірмелерге ұшырайды. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары арасында пікір қайшылығы жағдайлары жиі кездеседі. Қазіргі уақытта Қазақстанда қолданыстағы заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын айыппұлдар мен өсімпұлдар жүйесі өте қатал.

Айыппұл санкцияларына, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 50% мөлшеріндегі айыппұлдар және Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген, 2,5-ке көбейтілген өсімпұлдар кіреді. Нәтижесінде айыппұл санкциялары мен өсімпұлдар сомасы қосымша есептелетін салықтар сомасынан бірнеше есе жоғары болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы 3 (үш) күнтізбелік жыл ішінде салық органдарының тексеруі үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда тексерулер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың және, егер бар болса, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдардың ақырғы сомасы қазіргі уақытқа дейінгі шығындарға жатқызылған және 2022 жылдың 31 желтоқсанында есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2022 жылдың 31 желтоқсанында оның қолданылатын заңнаманы түсіндіруі тиісті болып табылады деп есептейді және Компанияның салықтар бойынша ұстанымы расталады деген ықтималдық бар.

Сот талқылаулары

Қалыпты қызмет барысында Компания сот қуынымдарына немесе талқылауларына тартылуы мүмкін. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта Компания қызметінің нәтижелеріне немесе қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін ағымдағы сот талқылаулары немесе қуынымдары жоқ.

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Қаржы құралдарының санаттары

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдары келесі активтер мен міндеттемелермен көрсетілді:

<i>мың теңге</i>	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелер:		
Ақшалай қаражат және оның баламасы	825,080	186,530
Өзге қаржылық инвестициялар	7,843,585	6,981,868
Дебиторлық берешек	27,267	19,506
Кредиторлық берешек	(19,406)	(12,028)
Қаржылық активтер / (міндеттемелер), нетто	8,676,526	7,175,876

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Тәуекелдерді басқару

Компания нарықтық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының нарықтық бағалардың өзгеруіне байланысты өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел тәуекелдің үш түрін қамтиды: пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және басқа да баға тәуекелдері, мысалы, жалдау қызметтері бағасының өзгеруі тәуекелі.

Пайыздық тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты өзгеру тәуекелі. Компанияда өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдары жоқ, сондықтан ол пайыздық тәуекелге ұшырамайды.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл тәуекелге ұшырауға байланысты әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты өзгеру тәуекелі. Компания негізінен АҚШ долларымен деноминацияланған кредиторлық берешекке қатысты валюталық тәуекелге ұшырайды.

Келесі кестеде барлық басқа параметрлер тұрақты шамалар ретінде қабылданған жағдайда теңге еуроға айырбас бағамының ықтимал өзгерістеріне Компанияның салық салынғанға дейінгі пайдасының сезгіштігі берілген (ақшалай активтер мен міндеттемелердің әділ құнының өзгеруіне байланысты). Басқа валюталардың бағамдарының ауытқуы олардың Компания қызметінің нәтижелері үшін елеусіз болуына байланысты қарастырылмайды.

<i>мың теңге</i>	Валюта	Айырбас бағамында таңдалған шетел валютасының теңгеге қарай жоғарылауы / төмендеуі	Салық салуға дейінгі кіріске әсері
2022 жыл	АҚШ доллары	+20% -20%	1,275,819 (1,275,819)
2021 жыл	АҚШ доллары	+20% -20%	695,962 (695,962)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл контрагенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан Компанияның қаржылық залалдар көтеру тәуекелі. Компанияны кредиттік тәуекелге ұшыратуы мүмкін қаржы құралдары негізінен ақшалай қаражатпен және дебиторлық берешекпен көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға**28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Дебиторлық берешек*

Сатып алушылармен байланысты кредиттік тәуекелді басқару әрбір бизнес бірлігімен Компанияның сатып алушылармен байланысты кредиттік тәуекелді басқаруға қатысты белгілеген саясатқа, рәсімдерге және бақылау жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алушының кредиттік сапасы кредиттік рейтингті егжей-тегжейлі бағалау нысаны негізінде бағаланады. Сатып алушылардың өтелмеген дебиторлық берешегіне тұрақты мониторинг жүргізіледі. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның дебиторлық берешегі үшінші тұлғалардың дебиторлық берешегімен көрсетілген.

Құнсыздандуды тану қажеттілігі әрбір есепті күнде күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін бағалау резервтері матрицасын пайдалана отырып талданады. Бағалау резервтері мөлшерлемелері залал туындаудың ұқсас сипаттамалары бар әртүрлі клиенттер сегменттерінің топтары үшін мерзімі өткен күндер санына байланысты белгіленеді (яғни географиялық аймақ, өнім түрі, сатып алушының түрі және рейтингі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету немесе кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша). Есептеулер ықтималдықты есепке алумен өлшенген нәтижелерді, ақшаның уақытша құнын және өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және есепті күні қолжетімді болатын болжамды болашақ экономикалық жағдайлар туралы дәлелді және расталатын ақпаратты көрсетеді. Әдетте, дебиторлық берешектің мерзімі бір жылдан асып кеткен болса және тиесілі қаражатты мәжбүрлеп талап ету рәсімдері оған қолданып жатпаса, ол есептен шығарылады. Есепті күнде кредиттік тәуекелге барынша ұшыраушылық сауда дебиторлық берешектің баланстық құнымен көрсетілген. Компанияның оған тиесілі берешекті қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған мүлкі жоқ.

Тәуекелдерді басқару*Ақшалай қаражат*

Компанияның басшылығы банк шоттарындағы қаражат қалдықтарымен байланысты кредиттік тәуекелді басқаруды Компанияның саясатына сәйкес жүзеге асырады. Қаражаттың артығы тек бекітілген контрагенттердің шоттарына және әрбір контрагент үшін белгіленген кредиттік лимиттердің шегінде инвестицияланады.

Контрагенттер үшін белгіленген кредиттік лимиттер Компанияның басшылығымен жыл сайын талданып тұрады және Компанияның басшылығы бекіткеннен кейін жыл ішінде өзгертілуі мүмкін. Лимиттер тәуекелдердің шоғырлануын барынша азайту және осылайша контрагенттің ықтимал төлемеуі нәтижесінде туындайтын қаржылық залалдарды азайту мақсатында белгіленеді. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есептің құрамдас бөліктері бойынша Компанияның кредиттік тәуекелге ең көп ұшырауы олардың баланстық құнымен көрсетілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Ақшалай қаражат (жалғасы)

Келесі кестеде «Moody's» және «Standard & Poor's» агенттігінің кредиттік рейтингтерін пайдалана отырып, есепті күнге ағымдағы банк шоттарындағы ақшалай қаражат бойынша сальдо көрсетілген:

Мың теңге	Рейтинг		Осы жағдай бойынша қалдықтар:	
	2022 жыл	2021 жыл	2022 жылдың 31 желтоқсаны	2021 жылдың 31 желтоқсаны
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	BB+ (Тұрақты)	BB+ (Тұрақты)	698,095	65,624
«Банк ЦентрКредит» АҚ	B+ (Тұрақты)	B+ (Тұрақты)	119,021	119,305
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	A+ (Тұрақты)	A+ (Тұрақты)	7,781	856
«First Heartland Jysan Bank» АҚ	B1 (Тұрақты)	B1 (Тұрақты)	36	41
			824,933	185,826

Өтімділік тәуекелі

Компания ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, ақшалай қаражат тапшылығы тәуекелін бақылауды жүзеге асырады. Компанияның мақсаты – банктік және банктік емес несиелерді пайдалану арқылы қаржыландырудың үздіксіздігі мен икемділігі арасындағы теңгерімді сақтау. Компанияның саясатына сәйкес алдағы 12 ай ішінде берешектің 25% астам емес өтелуге тиісті болу керек. Компания өз берешегін қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдің шоғырлануына талдау жасап, оның төмен екендігі туралы қорытындыға келді. Компанияның қаржыландыру көздеріне жеткілікті көлемдегі қол жетімділігі бар, ал 12 ай ішінде төленуге жататын берешекті өтеу мерзімі ағымдағы кредиторлармен келісім бойынша кейінгі мерзімге ауыстырылуы мүмкін.

Төмендегі кестеде осы міндеттемелерді өтеу мерзімі тұрғысынан Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдері туралы жалпылама ақпарат жинақталған:

Мың теңге	Талап бойынша	Кемінде 3 ай	3-12 ай	1 жыл - 5 жыл	Жиыны
2022 жылдың 31 желтоқсаны					
Кредиторлық берешек	-	(19,406)	-	-	(19,406)
	-	(19,406)	-	-	(19,406)
2021 жылдың 31 желтоқсаны					
Кредиторлық берешек	-	(12,028)	-	-	(12,028)
	-	(12,028)	-	-	(12,028)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдарының әділ құны

Бағалау үлгілері тұрғысынан әділ құнды анықтау және ол туралы ақпаратты ашу үшін Компания келесі иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы бағалар (ешқандай түзетулерсіз).
- 2-деңгей: көрсетілетін әділ құнға елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректері нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын басқа әдістер
- 3-деңгей: байқалатын нарықтық ақпаратқа негізделмеген, көрсетілетін әділ құнға елеулі әсер ететін бастапқы деректерді пайдаланатын әдістер.

Төмендегі кестеде Компанияның әділ құны бойынша активтері мен міндеттемелерін бағалау иерархиясы берілген:

Мың теңге	2022 жылдың 31 желтоқсаны			
	Ағымдағы құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
		1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Әділ құны ашылатын активтер мен міндеттемелер:				
Ақшалай қаражат және оның баламасы	825,080	-	825,080	-
Өзге қаржылық инвестициялар	7,843,585	-	7,843,585	-
Дебиторлық берешек	27,267	-	27,267	-
Кредиторлық берешек	(19,406)	-	(19,406)	-
	8,676,526	-	8,676,526	-

Мың теңге	2021 жылдың 31 желтоқсаны			
	Ағымдағы құны	Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны		
		1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Әділ құны ашылатын активтер мен міндеттемелер:				
Ақшалай қаражат және оның баламасы	186,530	-	186,530	-
Өзге қаржылық инвестициялар	6,981,868	-	6,981,868	-
Дебиторлық берешек	19,506	-	19,506	-
Кредиторлық берешек	(12,028)	-	(12,028)	-
	7,175,876	-	7,175,876	-

Капиталды басқару

Капиталды басқару мақсатында капитал жарғылық капиталды және жинақталған залалды қамтиды. Компанияның капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты – капитал құнын барынша арттыру. Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыруды қамтамасыз ету мақсатында Компания капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардың өзгеруіне және шарттық жағдайлардың талаптарына сәйкес өзгертеді.

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде капиталды басқарудың мақсаттары, саясаты мен тәртібі өзгерген жоқ.

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Компанияның басшылығы есепті күннен кейінгі кезеңде Компанияның осы қаржылық есептілігіне елеулі әсер ететін оқиғалар болған жоқ деп есептейді.